SOZAQ ÚNI

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

sozak_uni@mail.ru

WWW.SOZAK-UNI.KZ

№74 (9147)

СӘРСЕНБІ
11 қазан, 2023 жыл

Президент Ішкі істер министрін қабылдады

Мемлекет басшысы Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Министр елімізде кісі өлтіру, бұзақылық, ұрлық, қарақшылық, тонау және мал ұрлығына қатысты қылмыстар санының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткен алдын алу шаралары туралы мәлімет берді.

Президентке құқық бұзушылықтарға «мүлде төзбеушілік» және жазаның бұлтартпастығы, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау және интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Ержан Сәденовтің айтуынша, жыл басынан бері ауыспалы нөмірлерден шалынған 37 миллион қоңырау бұғатталып, заңға қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталған.

Мемлекет басшысына Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, 31 тоннадан астам есірткі және 79 тонна прекурсор тәркіленіп, 39 есірткі зертханасын жойылған.

Сонымен қатар Президентке қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық ұлан қызметінің қазіргі жай-күйі туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

Үкіметте жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу талқыланды

Премьер-министр Әлихан Смайылов Eren Holding басшысы Ахмет Еренді қабылдап, Қазақстан экономикасының түрлі салаларында жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу перспективаларын талқылады.

Үкімет басшысы холдингтің республика аумағындағы жобаларға инвестиция салу ниетін жоғары бағалайтынын айтты. Ә.Смайылов бүгінде елімізде түрік капиталының қатысуымен 4 мыңнан астам компания жұмыс істейтінін жеткізді. Атап айтқанда, таукен металлургия кешені, инфрақұрылым, тамақ өнеркәсібі және фармацевтика сияқты салаларда жобалар іске қосылды. «Екі ел арасындағы қалыптасқан орнықты сенім деңгейі мен ынтымақтастыққа деген ортақ ұмтылыс бізге жаңа перспективалар ашуға мүмкіндік береді», деді Премьер-министр.

«Үкімет басшысы атап өткендей, бүгінде елімізде инвесторлар үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған және заманауи институционалдық орта қалыптасқан. Атап айтқанда, басым салалардағы жобаларды жүзеге асыру аясында кедендік төлемдерден босату, түрлі салық жеңілдіктері, салық заңнамасының тұрақтылығына кепілдіктер және т.б. қарастырылған. Ахмет Ерен тиісті инвестициялық шешімдер қабылдау үшін холдингтің Қазақстанда әлеуетті жобаларды зерделеуге дайын екенін айтты», делінген хабарламада.

«Біз өндірісті кеңейтеміз және инвестициялық жаңа мүмкіндіктерді қарастырып жатырмыз. Бұл қағаз өндірісі, энергетика және тоқыма өнеркәсібі сияқты салалар болуы мүмкін. Біз тау-кен металлургия кешеніне де инвестиция салуға дайынбыз. Бұл ретте, жұмыстың жоғары сапасына қол жеткізуге мүмкіндік беретін технологиялар бар. Сондықтан инвестиция мәселелерін бірлесіп қарастырғымыз келеді», деді Eren Holding басшысы.

Кездесуде Қазақстан аумағында әлеуетті инвестициялық жобалар пулын пысықтау және барлық өзекті мәселелер бойынша белсенді диалогты қолдау туралы келісім жасалды.

Қазақстан Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсетеді. Аталған мәселе Үкіметтік комиссияның отырысында талқыланды.

Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлағандай, азық-түлік тауарлары, шатырлар, дәрі-дәрмектер, киім-кешек және басқа да қажетті заттардан тұратын гуманитарлық көмек тақау күндері әуе және теміржол көлігімен жөнелтілетін болады.

Сонымен қоса Ауғанстанға үйінділер астында қалған адамдарды құтқару үшін ТЖМ құтқарушылары, соның ішінде кинолог мамандар жіберілмек.

Қазақстан 7 қазанда Герат провинциясында болған жойқын жер сілкіністерінің салдарын жою мақсатында Ауғанстанға қолдау көрсетеді.

Педагогтердің ашық ұлттық саммиті өтті

Астанада Nobel Fest ғылыми фестивалі аясында Оқуағарту министрлігінің қолдауымен Қазақстан тарихында алғаш рет ұйымдастырылған–Педагогтердің ашық ұлттық саммиті өтіп, оған әлемнің ең үздік ұстаздары қатысты.

Ведомстволық мәліметінше, педагогтер саммиті–мұғалімдер, ата-аналар және мектеп басшылығы үшін кәсіби білім беру платформасын құруға бағытталған бастама.

Бірегей шараның ашылуында Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Наталья Жұмаділдаева сөз сөйлеп: «Бұл шарада түрлі мәдениеттер, тілдер мен педагогикалық тәсілдер тоғыстырылды. Ең бастысы, бұл шарада шәкіртіне толыққанды білім беру үшін өз біліктілігін үнемі арттырып, жетілдіріп отыратын педагогті бірінші орынға қойып отырмыз», деді.

Айта кетсек, Nobel Fest - халықаралық EdTech платформасы. Фестивальдің басты мақсаты – отандастарымызды білімге, ғылымға және инновацияға баулу.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ауылымызда аяқ доп алаңы салынуда

Биыл Созақ ауданының құрылғанына 95 жыл толады. Осы айтулы мереке қарсаңында Қаратау ауылдық округіндегі Сарыжаз елді мекені тұрғындары үшін қуанышты да, жағымды жаңалығы бар жыл болды.

Өйткені таяуда «Samruk-KazynaTrust» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесі осы елді мекеннің тұрғындарына арнап футбол алаңын салу туралы «Шыныққан шымыр болады!» атты тұрғындар мен жасөспірімдерге арналған футбол алаңын салу жайлы ұйымдастырған жобамызды қолдап, қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылдады. «Жігерлі ел» қоғамдық бірлестігінің төрайымы А.Әбдінәбиева «Samruk-KazynaTrust» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің алдында өз жобаларын нақты дәлелдермен қорғап, жеңімпаз атанды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек мақсатты аудитория Қаратау ауылдық округіндегі Саржаз елді мекенінде 47 отбасы, 395 тұрғынды құрайды: оның ішінде 147 ер адам, 16- 29 жас аралығы 38 адамды, 30- 62 жас 50 адамды, әйелдер 154 адам, қалғандары зейнеткер, жасөспірімдер бар.

Осы Қаратау ауылдық округіндегі Сарыжаз елді мекенінде өзекті және әлеуметтік маңызды шешімі табылмай отырған өткір мәселелердің проблемалардың бірі– жастардың бос уақыттарын дұрыс пайдалана алмауы, спорттық алаңшалардың жоқтығы.

Осы Созақ ауданынан көптеген аудандық, облыстық, республикалық, әлемдік бірнеше жеңімпаздар шыққанын атап айтар болсақ, бүгінгі таңда кіші футбол алаңын салып, пайдалануға беруді, заманауи талғаммен жабдықтауды, талап етеді. Өкінішке орай, аудандық бюджеттен қаражаттың бөлінбеуіне байланыстыосы күнге дейін тұрғындар мен жасөспірімдер тек армандап отыруға мәжбүр болып отыр. Жоспарланып отырған жұмыс осы ауылдық округтегі өз ұрпағымыздың салауатты өмір салтын қалыптастыруына, өз уақыттарын тиімді пайдалануға көмек көрсетеді, сонымен қатар оларды қоғамдағы және отбасындағы қалыпты өмір сүруге жәрдемдеседі.

Біздің идеямыздың маңыздылығы бұл Қайырымдылық жоба шалғай ауыл-дағы жауабы табылмай отырған әлеуметтік мәселелерді шешуге, ұзақ мерзімді, тұрақты және оң әлеуметтік өзгерістердің пайда болуына, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталады. Енді бұл мәселенің бәрі артта қалады деп нық сенеміз. Қуанышты күніміз көп болсын!

Жансұлу ҚУАНЫШБАЕВА,
Сарыжаз ауылының тұрғындары атынан.

Бринфинг өткізілді

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының медиа алаңында БАҚ өкілдері, аудан әкімдігінде үміткерлердің қатысуымен бринфинг өткізілді. Оған 9 адам қатысты.

Брифингті аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Медиа алаң жетекшісі Ж.Сармантаев жүргізіп отырды. Ж.Сармантаев қатысушыларға аудан әкімі сайлауы жөнінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясының бүгінгі таңға дейін атқарған жұмыстары туралы айтты.

Атап айтқанда, аудан әкімінің сайлауы жарияланысымен 15 қыркүйек күні әкімді сайлау жайлы округ құрылғанын, сайлау округнің УСК –ның шекаралары, АСК,УСК құрамдары БАҚ беттерінде,тиісті сайттарда жариаланғанына тоқтала келіп әкімдікке кандидаттар ұсыну 16 қыркүйектен басталып кешегі күні яғни 5 қазан күні аяқталғанын жеткізді. Бүгінгі таңға аудан әкімдігіне 8 үміткер ұсынылды: Оның үшеуі партиядан (ҚХП, Ақжол, Аманат партиялары) бесеуі өзін – өзі ұсынғандар.

Қатысушылар тарапынан аудан бойынша сайлаушылардың саны, вахталық жүйеде жұмыс жасайтындар қалай дауыс береді, тіркеу кезеңі қай уақытта аяқталады деген сұрақтар қойылды.

Медиа алаң жетекшісі қойылған сұрақтарға толық жауап берді.

Осымен бринфинг аяқталды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ШӘМШІ ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Шәмші Қалдаяқов атындағы Түркістан облыстық филармониясының ұйымдастыруымен «Менің Қазақстаным» атты концертік шара өтті.

Кеш шымылдығы «Сүгір» атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестірінің орындауындағы «Ыңғай төк» күйімен бастау алды. Салтанатты шараны аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ашып беріп, жиналған жұртшылықты Түркістан облысының 5 жылдығымен және Шәмші Қалдаяқов атындағы Түркістан облыстық филармониясының ұжымын 60 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтады.

- Бүгін міне, тарихы сонау көне ғасырдан сыр шертіп, алуан мәдениет пен руханияттың нәрлі ошағына айналған Теріскей өңірінде Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, композитор Шәмші Қалдаяқовтың әндері шырқалғалы отыр. Түркістан облысының 5 жылдығына және Шәмші Қалдаяқов атындағы Түркістан облыстық филармонияның 60 жылдық мерекесіне орай өткізіліп отырған «Менің Қазақстаным!» атты концерт Созақ жұртшылығына айрықша көңіл-күй сыйлайды деген сенімдемін. Бүгінгі таңда ұлттық өнеріміз бен құндылығымызды, мәдениетімізді насихаттауда филармония ұжымы елеулі еңбек етіп келеді. Ән-күй арқылы әдет ғұрпты, салт-дәстүрімізді ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеп жүрген сіздерге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, өнерде табысты болуларыңызға тілектеспін,-деген аудан әкімінің орынбасары қазақ өнерінің қара шаңырағына айналған филармония ұжымына аудан әкімінің арнайы құттықтау хатын табыс етті.

Концерт барысында филармония әншілері дарынды композитордың халық жүрегінен орын алған таңдаулы шығармаларын оркестрдің және ВИА-ның сүйемелдеуімен жанды дауыста орындады. Оған қоса, көпшілікке туындылардың шығу тарихы таныстырылды.

Айта кетейік, Шәмші Қалдаяқов 40 жылдан астам шығармашылық қызметінде қазақ даласына 300-ге тарта ән қалдырған. Әрбір туындысы жүрек төрінде жатталған өнер иесінің әндері аталмыш концертте жаңаша сипат алды. Филармония ұжымы Шәмші әндерін нақышына келтіре орындап, шараға жиналған тыңдарманның көңіліне керемет сезім сыйлап, көптің ықыласына бөленді.

“АШЫҚ ЕСІК КҮНІ” ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Созақ аудандық орталық ауруханасының және аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен аудандық емханада Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай ашық есік күні ұйымдастырылды.

Біз әрқашанда осылай қариямызды қадірлеп, ардагерлерімізді ардақтауымыз керек. Себебі, алдыңғы буын аға-апаларымыздың ел дамуы жолындағы ерен ерлігі мен қажырлы еңбектері орасан зор. Еңбек жолымен үлгі болып жүрген аға буын өкілдеріне деген осындай игі шаралар дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Ардагер аталарымыздың ғибратқа толы жүріп өткен өмір жолдары болашақ ұрпақ үшін әрқашанда үлгі болмақ.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, жоғары санатты ардагер хирург-дәрігер, ауданның Құрметті азаматы Бүркіт Арынбеков аудан қарттарына деген ізгі тілектерін арнап, ұйымдастырылған шараның маңыздылығына тоқталып өтті.

Шара аясында аудан қарттарына жалпы тәжірибелі (невропатолог, кардиолог, офтальмолог, оториноларинголог, хирург, травматолог) дәрігерлері және бейін мамандары кеңес беріп, қан талдауы, ЭКГ, УДЗ, флюорография, бойынша зертханалық зерттеулер жүргізілді.

ДІН САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ФУТБОЛДАН СЫНҒА ТҮСТІ

Аудан орталығындағы орталық стадионында Созақ ауданының 95 жылдық мерекесіне орай, Түркістан облысына қарасты имамдар мен мешіт қызметкерлері арасында кіші футболдан облыстық турнир өтуде. Достық кездесуге облысқа қарасты аудан, қалалардағы дін сала қызметкерлерінен құралған 14 команда қатысып, өзара бақ сынады.

Турнирдің ашылу салтанатына аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов қатысып, ізгі тілегін арнады.

– Бүгінгі қоғамда салуатты өмір салтын ұстану – басты қағидалардың бірі. Дін саласының қызметкерлерінің салауатты өмір салтын ұстанып ғана қоймай, оны насихаттау мақсатында футболдан турнир ұйымдастырып отыр. Бұл қуантарлық жағдай. Елге имандылықпен қатар, спортты насихаттап, жастарға үлгі болған сіздерді көпшілік басқа қырларыңыздан көруде,- деді аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы.

Сонымен қатар, Түркістан облысының өкіл имамы Ержан Сматұлы шараға арнайы қатысып, халық арасындағы ауызбіршілік, ынтымақ пен бірлікті сақтауға негіз болған имамдар мен мешіт қызметкерлері арасындағы сайысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Аталған турнирде облысқа қарасты аудан, қалалардағы дін саласының қызметкерлерінен құралған 14 команда қатысып, тартысты ойын көрсетті.

Жарыс жолындағы ақтық сында Түркістан қаласы мен Созақ ауданы командасы өзара сынға түсіп, Түркістан қаласынан келген дін саласы қызметкерлерінен құралған команда турнирдің чемпионы атанды.

Жүлделі II-ші орынды Созақ ауданы иеленіп, Жетісай қаласы III-ші орынға табан тіреді. Жүлделі орыннан көрінген командаларға арнайы кубок, медалдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ жарыс қорытындысы бойынша жақсы ойын үлгісін көрсеткен бірқатар үздік ойыншыларға жеке-жеке марапаттар табысталады.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Ел игілігіне қызмет ету-басты парыз

Жылдың алғашқы тоқсанынан Қарақұр ауылдық округі әкімі қызметіне кіріскен Бимендиев Ғалым Әбдірашұлының биылғы жылдың сегіз айында атқарған жұмыстары туралы сұқбаттасқан едік

-Ғалым Әбдірашұлы, ауыл әкімі қызметіне кіріскелі жарты жылдан асып барады. Өткен айларда нендей жетістіктер болды? Алдағы уақыттарда қандай мақсаттарыңыз бар?

-Иә, ауыл әкімі қызметі өте зор жауапкершілікті қажет ететін қызмет. Менің алдымда ауыл әкімі қызметінде болған Ордабек Мырзабекұлының қолға алған бастамаларын одан ары жалғастырып, ел игілігіне қызмет етуді басты парызым санаймын. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевың Жолдауларынан туындаған басты бағыттарды басшылыққа алып жұмыстар атқарудамыз. Қарақұр ауылдық округі жалпы 3 елді мекеннен тұрады. Олар Қарақұр, Раң ата, Шаға елді мекендері. Округ бойынша халық саны 3313 адам. Қарақұр ауылдық округі әкімі аппараты, аудан, облыс әкімдерінің тапсырмаларына сәйкес, 2023 жылдың 8 айында атқарылған жұмыстарды өз салалары бойынша талдасақ, Бюджет саласы бағытында Қарақұр ауыл әкімшілігі бойынша биылғы жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша бюджеттің жылдық кірісі жоспарда 92 557 000, орындалуы 54 817 000 теңге. Салықтық түсімдер жоспар бойынша 9 710 000,орындалуы 9 848 000 теңге. Салықтық емес түсімдер жоспар бойынша 690 000 теңге болса, орындалғаны 324 000 теңге.

Ал енді ауыл шаруашылық саласына келсек, Қарақұр ауылдық округі бойынша 26 агроқұрылым бар. Оның ішінде 1 өндірістік кооператив, 25 шаруа қожалығы. Округ аумағында төрт түлік малдың қозғалысы жасалып, ай сайын оның нақтылығын анықтап отыру жұмыстары ауыл әкімшілігінде жүйелі жүргізіліп келеді. Қарақұр ауылдық округ бойынша жыл басында төрт түлік санында былтырғы 2022 жылдың 8 айымен мен 2023 жылдың 8 айының қорытындысымен салыстырғанда өсім бар. Мүйізді ірі қара 4115, майда мал 47728 бас, жылқы 4020 бас, түйе малы 2421 бас, құс 1762 басқа артып отыр. Қазіргі таңда одан алынған майда мал төлі 50,0 пайыз, мүйізді ірі қара төлі 37,0 пайыз, түйе төлі 22 пайыз, және жылқы төлі 60,0 пайыз төл алынып оларды сырғалау, таңбалау жұмыстары жүргізіле отырып, қазіргі таңда бірдейлендірілген төрт түлік мал түгелдей дерекқорға енгізілген.

Округ бойынша Қарақұр өндірістік кооперативінде 13 143 бас асыл қара көл тұқымды қойы (оның ішінде 6 294 бас аналығы) және "Құрманғазы" шаруа қожалығы асыл тұқымды 2 145 бас майда малға (оның ішінде аналығы 1200 бас) асылдандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуде.

2023 жылғы мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы бойынша, округтегі және агроқұрылымдардағы мал басын асылдандыру жөніндегі 3 жақты келісім бойынша «Шұғыла» шаруа қожалығы 56 бас асыл тұқымды қошқарымен мал тұқымын түрлендіруге тартылды.

Ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу келісімі бойынша өз қаржысына "Шұғыла" ш/қ 1 дана трактор Т-80 техникасын алып, құжатарын тіркеді. Бұқашықтарды бордақылау алаңдарына өткізу жұмыстары бойынша 19 бас бұқашықтарды Қарабұлақ мал бордақылау алаңына өткізілді.

Мал тұқымында кездесетін түрлі ауруларға қарсы егілетін вакциналар уақытында егіліп, мал басын бірдейлендіру сырғалау жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Округ бойынша 215555,0 шаршы метр үй іргелік жер мен қора жайлар Конго Қырым Қанды Қызбасы (кенеге) қарсы залалсыздандырылып, 8323 бас МІҚ, түйе, жылқы малдарына және 32655 бас майда малға ИВЕРВЕТ-Е екпесі егілді. Аудандық мал дәрігерлік Вет МҚК мамандары саласынан ауыл округі бойынша көшелер мен Шаға және Раң елді мекендердегі көктем-күзде бос жүрген иесіз 56 бас ит-мысық жойылды.

Егіс саласы бойынша жерлердің игерілуі 2023 жылы Тау-Шаға, Қарақұр су қоймасына қарасты суармалы жерлерге 20,0 га-жүгері, 25,0 га-картоп, 27,0 га-көкөніс, 18,0 га-бақша, 20 га жүгері үй іргелік жерлерге егілсе, 70,0 га-жаңа жоңышқа, 173,5 га-ескі жоңышқа шаруақожалықтардың есебінен орындалып, барлығы 333,5 га жер толығымен игерілді.

Округ бойынша егіс көлемін арттыру мақсатында Тау–Шаға су қоймасының төменгі жағынан шаруалардың иелігіндегі барлығы 70,0 га егістік жерлері қоршалып егілді.

Қарақұр ауылы округі бойынша 2023-2024 жылғы мал қыстату науқанына 20 321 тонна жоңышқа мен дала шөбі дайындалып тапсырма орындалды.

-Осы тұста, халықтың ең жанды жері саналатын әлеуметтік саланың маңызы зор. Бұл тұрғыда қандай игі істер атқарылып жатыр?

-Округ бойынша халық саны 3313 адам. Жұмыспен қамтылғандар саны 1417, оның ішінде мемлекеттік мекемелерде 578, ауыл шаруашылығында 189, өндіріс саласында 221, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны 641 адам. Округ бойынша әлеуметтік жұмыспен қамту жөнінде тұрақты жұмыспен қамтылғандар 24 адам, жастар практикасына 12 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 11 адам, «Алғашқы жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша жастар практикасына 3 адам, « Күміс жас» бағдарламасы бойынша -2 адам, «Мемлекеттік грант» бағдарламасына қатысқан 3 адам, 39 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған. Аудандық бюджет есебінен аулымыздың зейнеткерлерінен 10 және мүмкіндігі шектеулі жандардан 3 адам демалыс орындарына барды.

Халықаралық әйелдер мерекесінде «Central Asia Maining Co» ЖШС-нің демеушілігімен округ қамтуындағы 71 ана «Алтын алқа», 93 ана «Күміс алқа» иегерлеріне барлығы 164 анаға қаржылай демеушілік жасап, аз қамтылған бір отбасыға тұрғын үй алып берді.

Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай «Central Asia Maining Co» ЖШС-нің демеушілігімен Қош келдің, әз-Наурыз" атты мерекелік шара өтті. 9 мамыр–Ұлы Жеңіс күні округ қамтуындағы 9 тыл еңбеккерлеріне «Central Asia Maining Co» ЖШС-нің демеушілігімен сый-сияпат көрсетілді. Биылғы 20 жылдық мектеп бітіруші түлектер Қарақұр елді мекенінен Қара-Құр су қоймасы аралығындағы 2,5 шақырым жолға қиыршақ тас жол төсеп берді.

-Ауылдың сәні оның көркеюі мен көгалдануы екені анық. Оның ішінде тазалық та бар, әсем бой көтерген ғимараттар мен ел тұрғындарына қызмет ететін жайлар, жолдар салу деген сияқты серпінді істерді айтар болсақ?

-Көркейту-көгалдандыру жұмыстарына келетін болсақ. «Жасыл- аймақ» көгалдандыру, санитариялық тазалық іс-шарасы бойынша бекітілген жоспарға сәйкес округ қамтуындағы елді мекендерінде мекемелерде, жол бойларында ауқымды жұмыстар атқарылып бильбордтар бетіндегі баннерлер уақтылы ауыстырылуда.

Көшелер мен жеке тұрғын үйлер маңындағы, күл-қоқыстар шығарылды. Сондай-ақ, ауылда және ауыл қамтуындағы елді мекендерде сенбіліктер ұйдастырылып көше бойындағы үйлердің қасбеттерін әктеу, ауыл шарбақтарын ретке келтіру, аула қақпаларын үнемі жаңартып сырлау жұмыстарын жүргізу мақсатында әкімшілік тарапынан халық арасында үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Сондай-ақ, жыл басынан «Central Asia Maining Co» ЖШС-гі Қарақұр және Шаға елді мекеніндегі тұрмыстық қатты қалдықтар тастайтын орынды тегістеп берді.

Ал құрылыс саласына келетін болсақ, Ағымдағы жылы аудандық бюджет есебінен Қарақұр ауылы Наурыз көшесінің 1,7 шақырымна, жарықтандыру жүргізілсе, үнемделген қаржы есебінен Раң елді мекені Раң көшесінің 0,456 шақырымына, Шаға елді мекені Шаға көшесінің 0,456 шақырымына жарықтандыру жүргізілді. Абай көшесіне 2400 шақырымға қаржы қаралып, жариялық конкурс арқылы жеңімпаз анықталды. Алдағы уақытта жарықтандыру жұмыстары басталатын болады. Сонымен қатар, Раң елдімекенінің орталық көшесінің 1 шақырымына және Шаға елдімекенінің 1,5 шақырымына асфальт жабындысы төселді. Жеке кәсіпкер Оспанов Батырбектің демеушілігімен 2 шақырым жолға қиыршық тас төселсе, биылғы 20 жылдық мектеп бітіруші түлектер Қарақұр елді мекенінен Қара-Құр су қоймасы аралығындағы 2,5 шақырым жолға қиыршақ тас жол төсеп берді. Сондай-ақ, қазан айында жеке кәсіпкер Әділхан Нүркеннің демеушілігімен шағын футбол алаңы мен балалар ойын алаңы салынып пайдалануға беріледі деп күтілуде. Тағы айта кететін мәселе 2022 жылы «Батыр боламын» қоғамдық қорының жобасы аясында округке спорттық жабдықтар бөлінген болатын. Қазіргі таңда аталған спорттық жабдықтарды орналастыруға «Central Asia Maining Co» ЖШС-гінің басшылығымен Қарақұр елдімекенінде орналасқан жекенің меншігіндегі ғимаратты сатып алып беруге келісімдер жасалды. Алдағы уақытта аталған нысанды күрделі жөндеуден өткізіп, пайдалануға берілетін болады. Күрделі құрылыстарға келетін болсақ:

Округ әкімдігінің жаңа ғимаратының құрылыс жұмыстары басталып, келесі жылы пайдалануға берілетін болса, Қарақұр елді мекенінен жабық нысандағы спорттық комплекс салу жұмыстары Құрманғазы көшесінің бойынан 2024 жылға жоспарлануда.

-Әрине, халық денсаулығы, жастардың білімі, тәртіп пен ауыл жұртшылығының тыныштығы да өзекті мәселелердің бірі. Осы турасында айтарыңыз бар ма?

-Былтырғы жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда ана мен бала өлімі тіркелмеген. Жалпы аурулар бойынша сары ауру 1 адам, өкпе ауруы және тағы басқа да қауіпті жұқпалы аурулардың тіркелу фактілері болған жоқ. Ауыл округі аумағында 3 орта мектеп, 3 балабақша жұмыс жасауда. Жалпы 3 мектептегі мектеп бітірушілер саны 46 болса оның ішіндегі ҰБТ-ға қатысқаны 31 болып яғни 67,5 пайызды құрап отыр.

ҰБТ-дан алған ортақ балы: Қарақұр жалпы о/п мектебі – 77,4 С.Бақбергенов ат. жалпы о/м - 67,0, Б.Батырбекова ат. жалпы о/м - 62.0 балл болып аудан көлеміндегі 35 мектептен 13- шы орынды иеленіп отырмыз. Биылғы мектеп бітіруші балаларымыздан 38 бала жоғарғы оқу орындарына түсті.

Алдағы уақыттарда бұл салалардағы жұмыстарды заңды тұрғыда халықпен және тиісті орындармен бірлесе отырып шешеміз.

-Ғалым Әбдірашұлы, сұқбатымыздың соңында алдағы уақыттарда атқаратын жұмыстарыңыз бен жоспарларыңызбен бөлісеңіз?

-Ауыл тұрғындарымен, ақсақалдарымызбен ақылдаса отырып, әрбір істі кеңесе атқарамыз. Осы орайда ауыз суға қазылған құдықтардағы су қорының азаюына байланысты қосымша ұңғыма құдық қаздыру, ауыл ішіндегі негізгі көшелердің бірі Абай, Құрманғазы көшелерін жарықтандыру.

-Шаға және Раң елді мекендеріндегі ішкі жолдарына толық асфалт төсеу жұмыстарын жүргізу.

-Қарақұр елді мекеніндегі Абай көшесінің 0,9 шақырым және Наурыз көшесінің 0,822 шақырым жолына қиыршық тас және асфальт төсеу

-Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы халықтың табысын арттыру мақсатында 2,5 пайыздық несиені барынша қол жетімді етіп жаңа кәсіптер ашу, мал басын асылдандыру, ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруды басты назарымызға алып отырмыз.

-Сұқбатыңызға рахмет! Ел игілігі жолындағы ерен еңбектеріңізге тек толағай табыстар тілейміз!

-Сізге де рахмет!

Сұқбаттасқан:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Айналдық ана деген үш әріптен

Біздің әңгімемізге тұздық болғалы отырған кейіпкеріміз, ардақты ана, аяулы әже, мемлекеттік қызметтен зейнеткерлікке шыққан есеп саласының ардагері Керімбекова Несіпкүл Керімбекқызы апайымыз болатын. Біз білетін Несіпкүл апай1953 жылы 8 наурызда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылында дүниеге келген. 1971 жылы Созақ ауылындағы В.И.Ленин атындағы орта мектепті бітіреді.

1975 жылдың тамыз айынан бастап Созақ ауданы Шолаққорған ауылындағы Созақ ауданық су шаруашылығы мекемесінде кассир,бас есепші болып қызмет атқарады.

1986 жылы Алматы қаласындағы қазақ ауылшаруашылығы институты-жоғарғы оқу орнында білім алып, есеп- бухгалтер мамандығы бойынша диплом алады. Сол жылдардан бастап осы мекемеде 2005 жылға дейін 30 жыл абыроймен жұмыс атқарады.

2005 жылдың мамыр айынан бастап Созақ ауданы әкімдігі құрылыс және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекемесінде есепші болып қабылданып, осы аталмыш бөлімнен абыроймен зейнет демалысына шығады.

Өмір жолында болашақ жары, жолдасы Жақсылықов Бақберген Жақсылықұлымен дәм тұзы жарасып, шаңырақ көтереді. Бақберген ағамыз 1946 жылы дүниеге келген. Созақ аудандық әскери комиссариатында бас маман қызметін атқарды. Екі ұлдары болды. Үлкен ұлы Жақсылықов Бауыржан Бақберген ұлы аудан орталығындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде дене тәрбиесі пәні мұғалімі болып қызмет атқарады. Жанұялы. Әйелі Алтыбаева Алмагүл сол мектепте оқу ісі жөніндегі меңгеруші, екінші ұлы Жақсылықов Талғат Бақберген ұлы әкесінің жолын қуып, Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің азаматтық қызметкері болып Отан қорғау жолында қалтқысыз еңбек етіп келеді. Келіншегі болса жоғары санатты биология пәні мұғалімі.

-Жастайымыздан еңбекқор, алғыр болып өстік. Ата- анамыз бізді солай тәрбиеледі. Біреудің ала жібін аттамауды үйретті. Содан жаман болғанымыз жоқ. Үй шаруасын жасап, әке-шешемізге көмектесіп бойжеттік. «Қызға қырық үйден тиым» демекші ата-анамыз қыздардың тәрбиесі айрықша мән берген. Ата-аналарымыз айтқан тапсырманы тез орындап тастайтынбыз. Ол кезде қазіргідей теледидар, ұялы телефон деген атымен жоқ. Көбінесе кітапханаға барып, бес-алтаудан әкеліп кітап оқитынбыз.

Оқыған кітабымыздың кейіпкеріне ұқсағымыз келетін. Тек қана оқуға қызығатынбыз. Әдеп сақтап, ибалы, инабатты қалыпта жүретінбіз. Кейін сол тәрбиені өзіміздің балаларымыздың бойында қалыптасуына жұмсадық. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету-біздің басты мақсатымыз болатын. Ауыл-аймақтың көзіне тек жақсы жақтарымызбен түскіміз келетін. Менің есепшілік жолда «сол кісідей есеп саласының майталманы болсам» деп армандап, үлгі, өнеге тұтатын аға-апаларым, олардың орнын басқан іні-сіңлілерім болды. Олар Махашов Қойшыбай ағамыз, Жақсыбаева Мейрамкүл апай, Айдаров Тұрды ағай, Шырынбек ағай, Сағындықов Серік, Өмірәлиев Қали, Бекжігітова Гүлжан, Құдайбергенова Мейрамкүл, Досанова Айымкүл сияқты өз істерінің шеберлері, білікті мамандары болатын, -дейді Несіпкүл апай.

-Алланың берген ұлы сыйы – Ана. Ол балаларын тәрбиелеуден, оқытудан, ауырса емдеуден, қамқорлық етуден еш шаршамайды да, жалықпайды да. Сол үшін де Құран Кәрімнің аяттары да, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистері де, ислам ғұламалары да, оның ішінде қазақ халқы да ананың орнын назардан еш тыс қалдырмаған.

Халқымызда «Анаңа ауыр сөз айтпа, атыңа ауыр жүк артпа», «Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да қарызынан құтыла алмайсың», «Ана сүтін ақтамағанды ешкім мақтамайды» деген сынды тәрбиелік мәнге толы мақал-мәтелдер айтып, ананың ерекше орнын анық көрсете білген. Ана деген осы, оның алдында қашан да қарыздармыз, оның алдында өз борышымызды өтей алмаспыз. Анамыз бізді дүниеге әкелді, өсірді, тәрбиеледі, оқытты, отбасын құрып үй болып кетуімізге бар күш-жігерін жұмсады. Сондықтан анамызға мәңгілік қарыздармыз,-дейді ұлы Бауыржан.

Отбасының тірегі ана! Сондықтан да анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды деп тегінен тегін айтылмаса керек. Осы ұл-қыздарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген ана бүгінде сол аптал азаматтарының қызығын көріп отыр.

–Бізді анамыз өмірге әкелді. Бауырымыз екеумізді кішкентайымыздан өсіріп, жеткізіп, мектепке апарып, өмірге қанаттандырған анамызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Біз отбасымызбен аяулы жан-анамызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, немере, шөберелерінің қызығын көре беру бақытын тілейміз!-дейді ұлы Талғат Бақберген ұлы.

-Апам маған және абысыныма туған анамыздай болып кетті. Бізге бар білгенін үйретіп, қабырғамыздың қатаюына маңдай терін төкті. Анамыз әрқашанда бақытты болуға лайықты,-дейді келіні Ақнұр.

-Жағдайымыз жақсы, немере-шөберене де жеттік. Аллаға шүкір, алты немерем, бір шөберем бар. Ұлдарым мен келіндеріме дән разымын. Біздің ендігі тілейтін тілегіміз аспанымыз ашық, еліміз тыныш болсын. Ағайын-туыс, бала-шаға, жан жағымыз, көршіқолан бәрі тегіс амандықта болсын деп тілеймін,-дейді ақ жаулықты Несіпкүл ана.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Адалдықты серік еткен қария

Ол кісімен аудан орталығында «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» орталығының кітапханасында танысып, әңгімемізі жарасып, шағын сұхбат құрған едік. Қария өте қарапайым, жүзі жылы, жанары мейірімге толы жан екен. Кітапханашы Айман Балтабековадан кітап жаздырып алып оқып, тыныстап отыр. Мен барып қасына жайғасып, нысыпсын сұрап, жақынырақ білгім келді.

Асқаров Аманкелді көкем Жыныс ата елді мекенінде тұратынын жеткізді. Ол аталған елді мекенде дүниеге келген. Осындағы жеті жылдық мектепте оқып, білім алған. Жетінші сыныптан кейін Шолаққорғанға келіп оқыған. Аудан орталығындағы орта мектепті тәмамдаған соң, Егембердиев Рахым деген жолдасы екеуі Алматыға оқуға түсу үшін жолға шығады. Бұрын көрмеген жерлері барған кезде әжептеуір қиындыққа кездеседі. Екеуі пәтер жалдап тұрып, дайындық курсына құжаттарын тапсырып, түседі. Дайындық курсының емтихандарынан ойдағыдай өтіп, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының мал дәрігері мамандығы факультетіне оқуға түседі. Досы зооинженерлік факультетке оқуға ілікті. Сөйтіп екеуі де студент атанды. Институт қабырғасында жүріп сабақты жақсы оқиды. Оқу орнындағы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, алдыңғы қатарлы студент атанады. Әсем қала Алматыда өз мамандығының теориялық білімін бойына сіңіреді. Тынбай ізденіп, мал дәрігері мамандығының қыры мен сырына қанығады. Оқуды бітіргеннен кейін туған жерге оралып, Калинин кеңшарына келіп, жұмысқа орналасады. Сол кезде шаруашылық басшысы Көшкінов Қаратай болатын. Ол жас маманды жұмысқа қабылдап, оған ағалық қамқорлығын жасаған. Осы шаруашылықтың әр фермасында малдәрігерлік қызметті атқарған. Аманкелдінің алғырлығын, іске икемділігін, қарапайымдылығын, ізеттілігін кеңшар басшылары жақсы бағалаған. Оның тәжірибе жинақтауына мүмкіндік туғызған. Шопандармен тығыз қарым-қатынас жасап, шаруашылықтың белді маманы болып танылған. Жас болса да өз мамандығына шынайы беріліп, малдардың ауырмауына барынша атсалысқан. Бұл жерде алдын ала егу жұмыстарын уақтылы жүргізіп, малдардың түрлі аурулардан сақтануына үлесін қосқан.

Сонымен қатар, әр күні өз мамандығын жете білу мақсатымен ветеринария турлы кітаптарды оқуды да дағдыға айналдырған. Түрлі ауруларға ұшыраған малдарды қадағалап, егу жұмыстарын жүргізіп, жұмыс орнында бір сәтте те бос отырған күні болмаған. Алдыңғы топ ағаларының ақылын тыңдап, олардан сабақ алған. Сөйтіп тәжірибесін байытқан. Қой шаруашылығының өрісін кеңейтіп, дамуына, өсіп-өркендеуіне барынша үлес қосқан. Кезінде онымен қызметтес болған кісілер Аманкелдінің іскерлігін, тындырымдылығын осы күнге дейін жыр ғып айтады. Ол кездегі малды қолдан ұрықтандыру науқанының бел ортасында жас маман болса да бұл білек сыбана еңбек еткен. Мал басының өз төлі есебінен көбеюіне қомақты үлес қосқан.

Ол еріну дегенді білмейтін таңертең ерте тұрып, шопан отарларын аралап кететін. Әуелі еңбек адамдарының көңіл-күйін байқап, содан кейін малжанның амандығын сұрайтын. Жас маман келген кезде алыстағы жайлауда отырған шаруа адамдары қуанып, ерекше шаттыққа бөленетін. Аманкелді шопандардың шаруашылығымен танысуымен бірге олардың тұрмыс-тіршілігін де назарға алып, олармен ағалы-інілі кісілерше қарым-қатынас жасайтын. Жүрегі жылы, жүзінен нұр төгілген жігіт еңбек адамдарына үнемі жақын жүреді. Сондықтан да бүкіл ұжым оны құрметтейді, абыройын асқақтатады. Талай мәрте басшылық тарапынан марапаттарды да иеленді. Жүрген жерінде ылғи да адамдардың жүрегіне жылулық нұрын құйып, өзінің білімділігін, көпшілдігін танытып отырған.

Екінші тың ерлерімен өмірін сабақтастырып, олардың еңбек үлгісін ерекше танытуына үлес қосқан.

Сол еңбекқорлығы арқасында кейін қызметі жоғарылап, жұртшылықтың жүрегінен орын ала білген.

Қарапайым жанұяда өскен Аманкелді кішкентай кезінен елжанды, еңбекқор болып өскен. Осы қасиетін ол оқып, біліммен қаруланғаннан кейін де дамытып, барынша көпшіл азамат ретінде қалыптасқан. Кезінде ол туралы ұжымы да, шопандар да жақсы пікір айтып, мерейін биіктерге көтерген.

Иә, адалдықты өмір бойына ту етіп келе жатқан азамат өзі жайлы мақтанышпен айтуды қаламайтындығын, барынша қарапайымдылығын сездірді. Аудандық лабораторияда ұзақ жылдар бойы директор болып жұмыс атқарған. Бұл кезеңдегі бүкіл аудандағы шаруашылықтарды ветеринариялық жағынан жарақтандырып отырған екен. Осы жерде табан аудармай ұзақ жыл басшы болу оңай шаруа емес. Барлық шаруашылық басшыларымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап, ауыл шаруашылығы саласының дамуына зор үлес қосқан. Талай мәрте қиын мәселелерді оңды шешіп, өзінің білім көкжиегінің терең екендігін танытқан. Кеңестік кезеңнің қатал сындарынан сүрінбей өткен. Кезіндегі шаруашылықтың мал дәрігерлері қазірге дейін Аманкелдінің көрсе, анадайдан келіп сәлем беріп, өткен-еткенді айтып, сонау жылдардан әдемі естеліктер айтады. Мұны төңіректеп сонау жылдардағы жасаған жақсылығын, іскерлігін, қарапайымдылығын мақтана жеткізеді.

Мал шаруашылығының мықты маманы аудан басшыларымен тіл табыса жұмыс жасап, көптеген игі істер жүзеге асыруға өз септігін тигізген. Міне адамгершіліктің, адамдықтың үлгісін көпшілікке көрсете білген Аманкелді көкеміз осындай мақтауыл жан.

Бұл күндері еңбек демалысындағы ол бейнеттің зейнетін көрген қазыналы қария. Жастарға айтатын ғибратты әңгімелері де жетерлік. Зейнет жасындамын деп үйінде құр жатпай аудан орталығына келіп, тең қоғам орталығында қатарластарымен әңгіме-дүкен құрып, шахмат ойнап, өткен-кеткенді айтып сыраласады екен. Сонымен бірге осындағы кітапханаға жиі ат басын бұрып, көркем әдебиеттерді оқиды. Өмірәлиев Қали деген кісінің қамқорлығына бөленгенін де әңгіме арасында айтты.

Жыныс елді мекенінде біраз жыл имамдық та қызмет атқарған. Төлеген Момбековтің күйеу баласы. Сол кісінің үлкен қызымен шаңырақ көтерген. Өмірлік серігі Райханмен бірге бақытты ғұмыр кешіп келеді. Үлкен ұлы Ә.Молдағұлова мектебінде ұстаз. Құралай есімді қызы Таукент кентінде мұғалім. Шолпаны да бала тәрбиесімен айналысады. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған.

Қарттар күні қарсаңында Аманкелді қариямен емен-жарқын сұхбаттасып, өмір жолына қанығып, ұзақ ғұмыр жасай беріңіз деп қоштастым.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Жақсылардан қалған жұрнақ

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Ерлан Қарин облыстағы барлық қала, аудан, ауылдық округ, кент әкімдеріне қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың ұрпақтарынан естелік-әңгімелер мен мәліметтерді, құжаттарды фотоларды жинақтау бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді тапсырған. Осы іргелі іс бойынша ауылдар мен елді мекендерде 37-нің ызғары тиген отбасыларды жан-жақты іздестірудеміз. Сол нәубеттің азабын көрген сол жылдары үш айлық нәрестеХаншайым апамыз туралы туысы Ерлан Болатханұлы арқылы танып білдік.

-Әкеден жалғыз қалып, жасым сексеннен асқанда жабырқап жүрген жоқпын ба?! 1937 жылғы саясиқуғын сүргіннің, 1941-1945 жылғы соғыстың салған нәубеті санамда әлі күнге жаңғырады. 1937 жылы «Халық жауы» атанып, одан өзінің ақ екенін дәлелдеп соғысқа аттанған әкем -Жорабек Рысбаевтың артында жалғыз тұяқ қалдым ғой. Әкеме деген сағыныш әлі күнге бойымды кернейді. Жапырағын жайған бәйтерегім, асқар тауымның асыл бейнесін де көрмеппін. 3 айлық шақалақ кезімде, арысым, арқа сүйер қорғаным әкемді «шолақ белсенділер» арыз жазып, түрмеге жапты. Өмір бойы әке құшағына еніп, исін искеп, мауқымды бассам ғой деп армандап келемін. Әкем тірі оралса, ұл-қыз тарап, артымнан іні сіңілім еріп, жайқалған жапырақтай бір қауым ел болар едік қой,-дейді Ханшайым Жорабекқызы.

Ханшайы Жорабекқызы, Шолаққорған ауылында туып өскен. Апамыз 40 жыл білім саласында қызмет етіп, «халық ағарту ісінің озық» қызметкері атанған. Бүгінде Шымкент қаласында тұрады. Білімді. Сөзге шешен. Құйма құлақтың өзі. Өткен оқиғаны айы күніне дейін айтып береді. Адуынды апамыз, Асқар Сүлейменовпен бір сыныпта оқып, бір партада қатар отырған. Ол кісі өмірден өткенше аралас құралас болды. «Асқар, Шымкентке келсе біздің үйге міндетті түрде соғатын. Сосын барып Созаққа кететін. 2018 жылы Түркістан қаласында 80 жылдығы аталып өтті. Бала кезден бірге өскен қимасым ғой. Шақыру қағазы уақтысында келмей, бара алмадым. Ақын Бәтима Батырбекова сабақ берді. Білімді ұстаз болатын»,- дейді.

1937 жылғы қуғын сүргін біздің әулетке ауыр тиді. Ескі көздер біледі, ол кезде біз Нардың қорғанында тұрамыз (Әділет басқармасы ғимаратының маңайы). Үлкен жолдың бойы еді. Созақ ауылынан Жартытөбеге, Баба атаға баратын ел сол жолдан өтетін. Қасымызда Нұржан төренің үйі болатын. Аумағы ат шаптырым Нардың қорғанында 6 жерден үй тігіп, қыс қыстап, жазда бұлақ маңындағы көгалда отыратынбыз. Созақ өңіріне, Сарысуды жағалап, қазіргі Талас ауданы, Ойық, Аққөлден үдере көшіп келгенбіз. Үлкен атам ағайынды Нар, Бұрқан бай-бағлан болып, ақ патшаның 60-шы жылдың соңындағы реформасы кезінде бас сауғалап осында келген дейтін, үлкен әжем Айтотым. Нар бабам астына мінген атын баптап, жүгенімен ерін күмістен, тоқымын мәуіті матадан салып мінетін маңғаз сұлу, атқамінер кісі болса керек. Ауыл аймаққа сөзі өтетін, сал серілігі де бар, байлығын шашып жүретін мәрт, ер мінезді азамат еді дейтін бала кезімде ескіқұлақтар. Әлі есімде әжем, әкемнің інісі Алпысбаймен маған, «мына жерді қаз, мұнда қыздарымның алтын күміс сырғасын көмілген, мына жерде алтын жалатылған леген болатын»,- деп отыратын. Атам Рысбайдың бәйбішесі- әжем Айтотым қолынан келмейтіні жоқ, сөзге шешен, іскер, елге сөзі өтімді, қарулы «нағыз Нардың» келіні дейді екен. Көрші қолаң сыйлап, бәрі «Айапа» атап кеткен. Бірақ етегіне бала тоқтамай, өзі таңдап жүріп, күйеуіне Алтынкүл есімді қызды қосыпты. Одан туған Жорабек, Айтжан, Асылхан, Асқарбек, Алпысбай тарап Айтоты әжемнің бауырына салған.

Әкем Рысбаев Жорабек көзі ашық, орысша білетін, сауатты жан болған екен. Аудандық банктің меңгерушісі қызметін атқарды. Аршыған жұмыртқадай аппақ, сұлу кісі болса керек. Шымкент қаласына үш айлық оқуға кеткенде, адуынды Айтотым апам, «балам оқудан шаршап келеді. Рысбайдың жылдық асын өзім беремін деп, ағайындарын жинап 1937 жылы үлкен құран береді». Оған ел аралап құран қатым түсіріп жүрген шаяндық, Аппақ ишанның ұрпақтары да қатысады. Соны көрген көршілері. Бұлар бай-бағланның тұқымы. Кеңес үкіметіне қарсы. Ишанға қол берді, «халық жауы» деп, арыз жазып, Нардың тұқымынан асқа қатысқан 10 азаматты соттатады. Оқудан асығып келген Жорабекті құлқын сәріде НКВД қызметкерлері тұтқындап, жазықсыз түрмеге тоғытады. «Әкеме ас берген ағайыннан басым алтын емес. Үкімет ақ қарасын әлі –ақ ажыратады. Құдай қолдап, босап шығармыз» деген әкеме, от ала келген “шолақ белсенділер”, бесіктегі мені бір иіскеуге мұрша бермепті. Артында аңырап анасы, ақ адал жары, нәресте баласы мен қалыппын. «Халық жауы» болып сотталған бір әулеттің тумалары «Беломор-Балтық» каналын қазған мыңдаған тұтқынның қатарында болады. Түрмеде орысшаға жетік, өзі пысық Жорабек Рысбаев біраз сотталған адамдарға басшылық жасап, өзге ағайындарына баскөз болып, көп көмегін тигізсе керек. Отан алдында ақ адал екенін дәлелдеп соғысқа кетуге сұраныпты. «Аз ғана қалды ғой. Елге аман-есен барайық» деген ағайындарына, «ауылға түрмеден шықты дегеннен соғыстан келді деген жақсы ғой»,- деп КСРО Саяси Бюро мүшесі М. Калининге хат жазып, отан қорғау жолында соғысқа аттаныпты.

Өмір бойы әкемді күттім. Жасы 80 толғанда тірі болса осы уақытқа дейін келер еді ғой деп, 1992 жылы ағайын-туыс, көзкөргендерді шақырып, үлкен ас бердім. Шариғат жолымен сүйекке түскен азаматтарға жыртыс таратып, ырымын жасадым. Осы беріректе әкемнің інісі Асылхан, өлер алдында мені шақырып: -«Ханшайым, сотталып, артынан соғысқа сұранып кеткен әкеңнің артынан «қара қағаз» келіп еді. Өлді деп, үмітіңді үзгім келмеді. Сонша жыл жасырып жүрген мені кеш деп қолыма «қара қағазды» ұстатты»,- дейді.

Бала кезім қиын заманмен тұспатұс келді, әкемнен хабар ошар жоқ. Десек те, әжем Айтоты мен Алтынкүл жетімдіктің тауқыметін тартқызбады. Қос әжемнің махаббатына бөленіп, ортасында тербеліп өстім. 1951 жылы Нардың қорғанынан көшіп, «Балтабұлақтың» төменгі жағына қоныстандық. 1954 жылы мектеп бітіріп, Шымкент педагогика институтының математика мамандығына оқуға түстім. 1959 жылы алғашқы түлегі болдым. Игі жақсылармен араластым. Өстім. Өндім. Ұстаздық еттім. Сексеннің үшіне келсемде әкеге деген сағыныш бір сәт басылған емес. Жатсам тұрсам, әкемнің бейітін тауып, басына барып, зиярат етіп, құран оқысам дейтінмін. Қолымда осы уақытқа дейін архивтен ізденіп жүріп, «1937 жылдың 25 желтоқсанында ұсталып, 30 желтоқсан күні сотты болды. 1944 жылдың 12 қаңтар күні қылмыстық құрамның болмауына байланысты ісі тоқтатылды»,- деген тілдей қағаз ғана болатын. Құдай қосқан қосағым Бәкір Нұржанов ұзақ жылдар құқық қорғау органында лауазымды қызмет атқарды. Тұтас бір әулетті «халық жауы» деп арыз жазып, соттатқан кім екенін анықтап бер деп қанша сұрасам да, жылы жауып қоя салатын.

Жақында қызым, ізденіп жүріп, әкем Жорабектің соғысқан, жерленген зиратын тапты. Соғысқа қатысқан туралы анықтама қағазында «Қызыләскер Рысбаев Жорабек Нарұлы (документте әкесімен, атасының есімдері ауысып көрсетілген) 1944 жылдың қаңтар айында соғысқа аттанды. Ленинград облысы, Салнцев ауданы, госпиталь ХППГ 624, 1944 жылдың 26 сәуір айы қайтыс болды. №2, №13 зират. Соңғы қызмет еткен әскери бөлім 354 зсп. Туған жері, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Калинин атындағы №7 колхоз. Әйелі Рысбаева Зере»,- деп анық көрсетілген. Осы хабарды алғанда, өмір бойы іздеген әкем тіріліп келгендей қуандым. Ес білгелі әкемнің қолымда қалған жалғыз суретіне қарап, зиратына туған жердің топырағын салып, құран оқимын деген арманым бар еді. Бүкіл әлемді мына бір індет жайылып, ешқайда шығуға мұрша жоқ. Ұлы Отан соғысы ардагерлерін іздеп, игі іс жасап жүрген сыйлас інім, журналист Дулат Әбіш те «апа, әкеңіздің басына апарамын»,- дейтін. Сәтін салса міндетті түрде басына барамын. Құран оқып, әке аруағымен сырласып, мұңымды бір шағамын,-дейді.

1947 жылы түрмеден аман келген әкемнің ағайыны Пәзтай Райымқұлов пен Әти Тоқбергеновтен әкем туралы жиі сұрайтынмын. «Несін айтасың Ханшайым. Әкең адамның асылы еді ғой. Мейірімді, мәдениетті, сыпайы, іскер болатын. Түрмеде көп адамға шарапаты тиді. Аз ғана қалды ғой, ауылға қайтайық деген бізді тыңдамай, соғысқа сұранды. Осының өзі-ақ, адал азамат екенін білдірмей ме?!»,- деп отыратын. Бала кезімде әкеммен сыйлас болған жақсылар, мені алдарына алып «жақсыдан қалған жәдігер» деп мейірленіп, алдына алатын әлі есімде. Сұлу, өңді ер кісі көрсем, әкемде осындай болды-ау, деп артынан еріп жүретінмін. Қазір көкейімде осындай естеліктер ғана сайрайды,- дейді. Жоғарыда апамыз толғана естеліктерді жан дүниесімен айтып беріпті. Оқыған болсаңыздар, журналист, жазушы Мұхаммеджан Рүстемовтің Созақ көтерілісі туралы жазған «Созақ қасіреті» атты тарихи кітабы бар. Сонда 30 жылдардағы оқиғаны суреттеген «Ханшайымның тақсіреті» деген көлемді дүние де жазылған.

-Ия, бұдан сексен жеті жыл бұрын елдің оқыған білімді азаматтарын ажал оғына айдаған репрессия зардабы әлі жойылған жоқ. Биыл 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының Ұлы Жеңіспен аяқталғанына 79 жылға айналып барады. Бұл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс болғаны белгілі. Талай отбасының ошағын ойран етті. Оны ұмыту мүмкін емес. Оған қатысқан сарбазды, тылда аянбай еңбек еткен еңбекшілерді ардақтау әрбір ұрпақ үшін абыройлы міндет болып қала береді,-дейді Ханшайым апамыздың етжақыны Ерлан Райымқұлов. Сіз бен біз болып осындай тарихтың ақтаңдақтарына ұшырап, тағдырларын талайлы еткен азаматтардың ұрпақтары туралы жиірек еске алсақ «өлі разы болар» деген сол емес пе?!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі https://e-auction.gosreestr.kz/ веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.

Ұйымдастырушы обьектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Обьект бойынша сауда-саттық обьектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер обьект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, обьектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу,сервитуттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.

Ауыртпалықтар (шектеулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) МРП АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Бір кепілдік жарна бір жер учакесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күнен бастап бес банктік күннен кешіктірілмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна https://e-auction.gosreestr.kz/ веб порталында (IBAN/ИИК) в АО “Народный банк Казахстана”: KZ946017111000000330; БИК:HSBKKZKX; КНП:171; Кбе: 16.

Жібек жолы көшесі №40 үй «Созақ ауданы әкімдігінің Жер катынастары бөлімі»

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69; 8-747-496-76-06

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы» №297 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің ТІЗІМІ

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Аукцион өтетін уақыты	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 30 АЕК төмен болмауы керек
1	Таукент кенті, 2-ші ықшам ауданы	Тойхана құрылысы үшін	625 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	231 875	11.10.2023 11:00	172 500
2	Таукент кенті	Дүкен құрылысы үшін	72 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	26 712	13.10.2023 10:30	172 500
3	Таукент кенті, І.Кеңесбаев көшесі	Дүкен құрылысы үшін	400 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	148 400	17.10.2023 11:00	172 500
4	Сызған ауылы, Қайнар елді мекені	Дүкен құрылысы үшін	300 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	47 970	24.10.2023 10:00	172 500
5	Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі	Дүкен құрылысы үшін	1500 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	750 000	24.10.2023 11:00	172 500
6	Созақ ауылы	Бизнес орталығы үшін	1000 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	70 400	25.10.2023 10.00	172 500

Аудандық жер қатынастар бөлімі.

Балалардың дұрыс тамақтануы

Балалардың мектепте оқу кезеңінде өсу процесінің қарқындылығы, бұлшық етінің және сүйек қаңқасының ұлғаюы, зат алмасуының күрделі құрылымы, эндокринді, жүрек-қантамыр, бас миы қызметінің ерекшеліктері байқалады.

Осы жастың тағы бір ерекшелігі ақпараттың кең көлемде және мектеп бағдарламасының қиындай түсуіне байланысты оқушылардың ақыл ойына анағұрлым күш түседі.

Оқушылардың тиімді тамақтануы (салауатты) инфекцияларға қарсы тұру және басқа да қолайсыз факторларға тұрақтылығын арттырады.

Тиімді, салауатты тамақтану – бұл баланың ең басты көңіл күйінің көтеріңкі және мектепте табысты болуына тікелей әсер етеді.

Кез келген тиімді тамақтану теңгерімін сақтамау функциональдық ауытқуға ғана емес және асқазан-ішек жолының созылмалы ауруларына сонымен қоса организмнің барлық жүйелерінің, иммунитеттің төмендеуі, организмнің әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұру қабілетінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Осы кезде оқушылардың қуат жұмсауы жоғары, құатты жұмсау балалардың жасына және олардың белсенділігіне байланысты, сонымен қоса организмнің өсуі және дамуы жүруде.

Ақуыздар – адамның мүшелерінің және тінінің құрылуында пайдаланылатын негізгі материал болып табылады.

Үздіксіз өсіп жатқан оқушылар организмі ерекше ақуыздарды қажет етеді.

Ақуыз жеткіліксіз жағдайда болған кезде баланың өсуі және дамуы баяулап, организмнің ауруларға қарсылығы төмендеп, ақыл-ой қабілеті нашарлайды.

Жануар ақуызының негізгі көздері: сүт және сүт өнімдері, ет және балық, жұмыртқа; өсімдік ақуыздары: бұршақ, асбұршақ, соя және т.б.

Майлар бірінші кезекте жүйке дәнекерін оның ішінде бас миының құатты материалы ретінде пайдаланылып, А және Д дәрумендерінің көзі және еріткіштері болып табылады.

Тағамда майдың жетіспеуі оқушылардың иммунитетін төмендетіп, түрлі ауруларды (ЖРВИ, тұмау) жұқтыруына себепкер блады.

Көмірсулар бұлшық ет тіршілігі құатының негізгі көзі болып табылады.

Қазіргі күнгі ғылыми дерекке сүйенетін болсақ мектеп жасындағы балаларға 4 және 5 реттік тамақтану неғұрлым пайдалы болып саналады.

Осындай жиіліктегі тамақтану тәртібі кезінде балалардың физикалық жағдайы, дамуы және жұмыс қабылеті жоғары деңгейде болады.

Мектеп оқушыларының тамақтану мәселесі ол – емдәм ұстау, тамақтану тәртібін бұзу, фаст-фуд, чипс, сухариктер, шоколадталған нандарды жеу, газдалған сусындарды ішу және сағыз шайнау т.б.

Балаларға алдағы уақытта табысты өмір сүру үшін мықты денсаулықтың қаншалықты пайдасы барлығын түсіндіре келіп, дұрыс, тиімді қалай тамақтану керектігін көрсету керек.

Тек денсаулықты ғана ешқандай ақшаға сатып алу мүмкін емес!

Сондықтан балаларды өзінің денсаулығына немқұрайлы қарамай көздің қарашығындай сақтау керектігін оқыту керек!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Ауыз су сапасы басты назарда

Адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді. Осыған байланысты ауыз суға мемлекеттік санитарлық талаптар қойылады. Жалпы ауыз судың иісі мен дәм көрсеткіші 2 балдан аспауы, лайлығы 2 мг/л –ден аз, кермектілігі 7-100 ммоль болуы шарт. Ауыз судың кермектігін анықтайтын кальций, магний тұздары аз болса, адам сүйегінің морттылығы өсіп кететінін ескертеміз.Ауыз судың сапасы түрлі аурулардан сақтайды, ауыз суда фтордың мөлшерден төмен болуы флюороз және кариес, темірдің, кобальт пен мыстың жетіспеуі – анемия, бордың аз болуы асқазан, никельдің кем болуы көз ауруларына шалдықтырады. Сондай-ақ нитраттар мен нитридтердің мөлшеріне 1 литр судағы ішек таяқшаларының саны бойынша талаптар қойылады. Қайсыбір элементтері жоқ яғни дистелденген, тұзсыздандырылған, минералсызданған су адам ағзасына пайда әкелмейтін, тіпті денсаулықты нашарлататын өлі су. Ол тірі ағзаның теңгерімсізденуіне әкеп соғады. Су – тіршілік көзі. Онсыз өмірді елестету қиын. Тіпті адам денесінің 70 пайыздан астамы судан тұратынын ескерсек, судың сапасы денсаулыққа әсер етпей қоймайды. Су арқылы жұғатын жұқпалы аурулардың бүкіл әлемде таралуы мүмкін. Сумен таралатын жұқпалы ауруларға А, В паратифтер, дизентерия, түрлі энтериттер, мәселен энтероколиттер, жұқпалы гипатит А, тырысқақ жатады. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, жер шарының 74 пайызын су алып жатыр. Соған қарамастан, бүкіл әлемде су тапшылығы бар. Соның ішінде, әсіресе таза ауыз су мәселесі өзекті. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, әлем халқының жартысына жуығы су тапшылығын сезінеді. Сарапшылардың айтуынша, жер бетінде 780 миллионнан астам адам таза ауыз суға қол жеткізе алмай отыр. Ал 1,7 миллиард адам тұщы су көздеріне зәру. Әлемде жыл сайын таза судың жоқтығынан, соның салдарынан болатын антисанитариядан мыңдаған адам көз жұмады. Оның көбі – балалар. Кейбір елдердегідей аса қатты болмағанмен, Қазақстанда да ауыз су проблемасы бар. Қарапайым жеке гигиена ережелерін сақтамау жұқпалы аурулардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Жұқпалы аурулардың таралуының алдын алуда жалпы мемлекеттік санитарлық-гигиеналық шаралар маңызды рөл атқарады. Ауыз су сапасын зертханалық зерттеулермен тұрақты бақылау, сумен жабдықтау обьектілерін дезинфекциялау жүргізіледі. Ішек жұқпалы ауруларының алдын алу үшін ауылдық жерлерде құдықтан 20 м жақын радиуста кір жууға, машина, әртүрлі заттарды жууға, жануарларды суаруға жол берілмейді. Құдыққа 5 м аралығында жақын маңдағы аумақ қоршалады. Құдықтан су алу үшін шелектер, сорғылар пайдаланылады. Жерасты су көздерінің суымен жабдықтаудың санитарлық қорғау аймағының белдеу аумағы көгалдандырылады және қоршалады. Сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғау аймағында зираттарды, мал өлексесін көметін орындарды, ассенизациялау өрісі, сүзілу өрісі, көң қоймалар, сүрлеме орлар, мал шаруашылығы, құс өсіретін шаруашылық субьектілері, жерасты суларының микробтық, химиялық ластану қаупіне себепші болатын обьектілерді орналастыруға, тыңайтқыш және улы химикаттарды қолдануға және басқа да обьектілерді орналастыруға жол берілмейді. Бүгінгі күні су сапасына деген талаптар қатаң жолға қойылып, пайдаланып отырған суымыздың таза әрі зиянсыз екендігіне кепілдік беруге бағытталып отыр.

Айналамызға абай болайық

Барлығымыз да айналамызды қоршаған ортаға адам ретінде, тіршілік иесі ретінде жауаптымыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру,сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап,ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді. Ардақты аудан азаматтары ауданымыздың табиғаты мен ауасын өрт шалмасын. Өртке қарсы бірлесе ауызбіршілікте жұмыс жасайық.

Серік ӘЛИЕВ,
Шолаққорған орман шаруашылығының орманшысы.

ЖРВИ мен тұмаудан сақтанайық!

Тұмау – бұл барлық жерде кең таралған жоғары контагиозды вирустық инфекция.Тұмауға тән клиникалық көріністер: дене қызуының күрт көтерілуімен (38қС-тан жоғары), қалтыраумен, бас ауруымен, бұлшықет ауруымен, жалпы әлсіздікпен, жөтелмен бірге жүретін аурудың кенеттен жедел басталуы.

Тұмау өзінің асқынуларымен өте қауіпті: пневмония, бронхит, трахеит, отит, жүрек-тамыр жүйесінің, жүйке жүйесінің асқынулары (менингит, менингоэнцефалит, энцефалит, невралгия, полирадикулоневрит). Тұмау көбінесе созылмалы аурулардың өршуімен бірге жүреді.

Инфекция жылдам беріледі:

- Ең көп тарайтын жолы – ауа тамшылары;
- Тұрмыстық тасымалдау жолы да мүмкін, мысалы, тұрмыстық заттар арқылы.

Жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде науқастың немесе вирус тасымалдаушының мұрын-жұтқыншағынан патогендік микрофлорасы бар сілекей, шырыш, қақырық бөлшектерімен бірге тұмаудың вирусы сыртқа шығады. Осылайша науқастың айналасында аэрозоль бөлшектерінің максималды концентрациясы бар ластанған аймақ пайда болады.

ЖРВИ мен тұмауды алдын алу үшін негізгі ережелерді сақтау қажет:

- тұмаудың арнайы профилактикасы эпидемиялық маусым алдында (қазан айы) жүргізілетін вакцинация болып табылады;
- салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану және үнемі жаттығулар жасау;
- адамдар көп жиналатын орындарда және қоғамдық көлікте болу уақытын барынша қысқарту;
- даладан және қоғамдық көліктен келген кезде қолды мұқият жуу және мұрын қуысын тұзды сумен шаю;
- жабық үй-жайларда және адамдар көп жиналатын орындарда бір рет қолданылатын маскаларды пайдалану;
- түшкіру немесе жөтел сияқты белгілері бар адамдармен қарым-қатынасты мүмкіндігінше шектеу;
- бөлмені жүйелі түрде желдету және ылғалды тазалау;
- Ауырған адамды инфекция көзі ретінде сау адамдардан оқшаулау (ЖРВИ мен тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде дәрігерге жүгіну және науқас баланы білім беру ұйымдарына, оның ішінде мектепке дейінгі мекемелерге жібермеу қажет);
- өзін-өзі емдеуге болмайды.

Сексеуілге жанашырлық керек

Ауданымыздағы бірден-бір табиғи байлығымыз сексеуіл. Сексеуілді өз бетінше сындырып, отындыққа алуға рұқсат жоқ. Аудан тұрғындарына сексеуілдің заңмен қорғалғанын ескертеміз. Көп жылдар бойы өз бетімен бой көтеріп жайқалып өскен немесе адам қолымен отырғызылған жасыл желекті орман бірнеше сағаттың ішінде отқа оранып жойылып кетуі мүмкін.

Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады.

Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан табиғат байлығын қорғау және оны молайту үшін аса мән беріліп отыр. Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Р.ОРАЛБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші қорықшысы.

Лептоспироздың алдын алу

Лептоспироз - бұл қоздырғышы лептоспира (Leptospira) тектес бактериялар болып келетін жіті жұқпалы ауру.

Жұқпа көзі егеуқұйрықтар, тышқандар, сырлар, иттер, ірі қара мал, жылқылар, доңыздар, кеміргіштер болуы мүмкін. Лептоспирозбен ауырған адам жұқпалы болмайды.

Лептоспироз жануарлар арасындағы жем және су арқылы беріледі. Адам суы бұзылған су қоймасында шомылып, бұзылған тамақ өнімдерін пайдаланған кезде, сондай ақ жара, сызаттар болса жұқпа шырышты қабық пен тері арқылы ағзаға енген кезде жұғуы мүмкін. Лептоспирозды таратушылар көп жағдайда кеміргіштер болуы мүмкін: ағынсыз суларға қоздырғыштар кеміргіштердің нәжісімен түседі. Кеміргіштерден адамға азық-түліктер арқылы да жұғады.

Жұқпа жұққан орында қабыну процесі болмайды, сондықтан да жұқтыру ешбір белгілерсіз өтеді. Инкубациялық кезең 2-30 күнге созылады. Бұдан соң аурудың белгілері шығады: дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтеріледі, адам қатты қалтырай бастайды, бұлшықет, буындар, бас ауырады, жүрек айниды, тәбет жоғалады, көздегі қылтамырлар жарылады («қызыл көз» әсері), лимфалық түйіндер үлкейеді, аурушаңдық, тері бөртулер, сарғыштық пайда болады (сырқаттың сарғыштықсыз түрлері де болуы мүмкін).

Диагностика мен емдеу жолын инфекционист-дәрігер тағайындайды. Диагностиканың зертханалық әдістері лептоспироз диагнозын қоюдың ажырамас бөлігі.

Лептоспироздың алдын алу үшін ветеринарлы-санитарлық шаралар өте үлкен рөл атқарады, оларға ауру жануарларды анықтау және емдеу, жануарлармен қорғаныс киімінде жұмыс істеу шаралары жатады. Кеміргіштермен күресу тұрғын үйлерде, әсіресе, қоғамдық тамақтану объектілерінде, азық-түлік қоймаларында және дүкендерде жүргізілуі керек, себебі бұл жануарлар лептоспироз жұқпасын таратушы болуы мүмкін.

Ағынсыз су қоймаларында шомылмау керек немесе оған қатаң шектеу қою қажет. Жермен жұмыс істеген кезде қолғап киген жөн. Сондай-ақ, жұмыс күні аяқталған соң және тамақтану алдында қолды сабынмен жуу керек.

Гигиеналық нормаларды сақтау - лептоспироздың алдын алудың ұтымды жолы екенін есте сақтаңыз.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Орманды өрттен қорғайық!

Орманда сөнбеген шырпыны, темекі қалдығын тағы басқа тез тұтанатын заттарды тастауға болмайды. Ауылдан шығарған күл-қоқыстарды ормандардың жанына апарып өртеуге болмайды.

Табиғатты қорғаңыздар. Туған жердің табиғатына салақтық танытып, немқұрайлықпен қарағандар орны толмас шығын әкеледі. Бұл туралы бәріміз білеміз, бірақ әркімнің көңілінде сақтала бермейді. Өрт тілсіз жау екендігін тағыда ескертеміз, сақ болыңыздар.

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен территорияға таралып кетеді. Ыстық ауа райы кездерінде, егер жауын шашын болмаса ормандар құрғап, кез – келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Өрттің қай жерден және қашан шығуын болжау мүмкін емес.

Орман өртінің пайда болуына көбіне адамдар кінәлі. Ол көбіне орманда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе білсе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орманға келіп демалушылардан өшірілмей қалған от алаулары, сөндірілмеген темекі қалдығынан болады. Осының салдарынан құрап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Егер орманшылар немесе өрт сөндірушілер тез шара қолданып, өшірмесе біраз орман жерін алып кету қаупі бар.

Сондықтан әрқайсысымыз өрт қауіпсіздігін сақтап, сөндірілмеген темекі қалдығын, жағылған сіріңкені тастамай, от алауын өшіріп, отырған жерімізді тазалап, орман өртіне жол бермей, өрттен қорғап жүрейік, ағайын!

М.ЖҰМАБЕКОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Улы газдан абай болыңыз!

Көптеген адам көзге көрінбейтін, елеусіз, жәдігөйт-тұншықтырғыш газдан немесе көміртегі тотығынан жазғырады. Өкінішке орай, тұншықтырғыш газ туралы білгенімен, бәрібірде барлық жерде онымен ұлану кездеседі. Көбінесе өрт қауіпсіздік ережелерді сақтамағандықтан, яғни жылу пештерін және газ құрылғыларын қате қолдану нәтижесінде болады. Тұншықтырғыш газ адам организміне жаман әсер етуі, оның тыныс алу жүйесін зақымдап, қан жүйесіне еніп, сонда гемоглабинмен қосылады. Нәтижесінде қан құрамының өзгерістері пайда болады. Тұншықтырғыш газбен улану организмге қатаң әсерін тигізіп, кейбір жағдайларда денсаулыққа түзелмейтін зиян келтіру мүмкін. Негізгі мәселе болып, оның түсінің, иісінің болмауы табылады, сондықтан оны жие «үнсіз өлтіруші» деп атайды. Тұншықтырғыш газ ауамен араласқан кезде іс жүзінде көрінбейді, сондықтан адам күйінің нашарлануын тек қана уланғаннан кейін байқайды.

Тұншықтырғыш газбен уланыдың қайғылы жағдайларды алдын алу мақсатында Созақ ауданының № 11 ӨСБ-і қарапайым қауіпсіздік ережелерді сақтауға шақырады:

- жұмыс жасап жатқан газ құрал-жабдықтарын қараусыз қалдырмаңыз;
- тек қана жарамды құрал-жабдықты қолдаңыз. Пеш қалауындағы жарықшақ, түтіндіктің бітеліп қалуы ауыр салдарға әкеліп соғу мүмкін;
- газ құрал-жабдығын өз күшімен жөндеу, ауыстыру, қайта қондыру жұмыстарын жүргізбеңіз;
- жабық ғимараттарды жылыту үшін газды немесе керосинді жанарғыны қолданбаңыз;
-балаларды газды құрылғыларға жақындатпандар;
- жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз.

Құрметті азаматтар! Жоғарыда айтылған ережелерді сақтаған жағдайда, Сіз тұншықтырғыш газбен уланудың құрбаны болмай, өміріңізге қауіп тәуекелін төмендетеді.

Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.
Б.АЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Тірілерге тіршілік керек

Алланың берген жарқын өмірінің үдесінен шықпай жатып, ана өмірге, яғни /өлгеннен/ кейінгі өмірді ойлап, соған ерте бастан дайындалып, жоспар құратындарға таң қалам. Айналайын ау, бесіктен белі шықпай жатып, жастардың өлімнен кейінгі өмірді сөз қылып, дайындалғандары ойландырады. Жалпы мұндай мәселемен жиі кездесеміз. Дінді тым әсірелеушілер, қандай әңгіме айтса да, «ана дүниеге барғанда...» деп бастайды.. Болмаса әйтеуір осы тіркес сөйлемді барлық әңгімесінің негізі ретінде қолданады. Жарайды дейік, бұл мәселе қоғамда белең алып кеткені белгілі. Десем де, жуырда бір жап жас баланың әңгімесі мені кәдімгідей алаңдатты.

Жолға шықтық. Таксист, және төрт жолаушымыз. Алдында үлкендеу егде кісі отырды. Артында мен және бір жас қыз және бір жас жігіт. Жас жігіт, өзі ап арық, өңі жұп —жұқа. Әр әр жерден тебіндегін мұрт пен иегіндегі сирек сақал бет әлпетіне тым келісіп тұрған жоқ. Мейлі деп өз ойыммен, еркін есілген далаға қарап отыра бердім. Бір уақытта екі жастың ортасында әңгіме өрбіп,, дауыстары қаттырақ шыға бастады. Не болды екен, ұрысып қалмасын деген оймен оларға бұрылдым. Жас жігіт қызға «әдеп» үйретіп келе жатыр екен. Қызға қарасам әп әдемі, кәдімгі жиырма бірінші ғасырдың, қазақтың қызы. Ашық шашық, әлем жәлем емес.... Қысқасы қазіргі жас... Сонымен жігіт әлгі қызға неге орамал тартпайсың, шалбар киген, шаш жайған харам, әшекей таққан дұрыс емес деп... Әйтеуір тыймдарды айтып отыр. О дүниеге барғанда қиын болады саған деді соңында. Қыз бала әлгі жігітке қарап, « Қумаш...» деді да, құлағына наушнигін қойып алып, бұрылып отыра берді. Ары қарай сөз таластырғысы келмеді. Жас балам енді маған қарап, көрдіңіз ба апай қазіргі жастар ертеңін ойламайды, о дүниеге барғанда есеп беретіндерін білмейді, дұрысын айтсаң жақтырмайды....

Мен баланы айтып болсын деп тыңдадым. Ойының бәрі арғы дүние. Бүгінгі өмірі, алдағы өмірі туралы сөз жоқ. Тек өлгеннен кейінгі есебі.... Сосын мен оған сұрақ қойдым,, жасың қаншада, үйленгенсің ба, оқисың ба, не жұмыс істейсің. Бала бар жоғы 21жаста болып шықты, бойдақ, орта біліммен қалып қойған, жоғары оқуға ұмтылмаған, сауда саттықпен айналысатын болып шықты. Сөзге ағып тұр. Бір көсем, бір шешен...Тіпті таксистің іліп қойған жол тұмарын да сөз қылды. Дұрыс емес. Онда не жазылғанын білмейді. Әр жерге іле беруге болмайды дейді. Ия, мына жігіт менің балдарымнан да кіші, бірақ маған бірталай «өсиет» айтып тастады. Өлгеннен кейінгі өмір туралы.. Соған дайын болуымды. Әне міне дегенше Шымқалаға да жетіп қалдық. Бұл балаға жол үстінде жөн айтып абырой таппасым анық. Тыңдайтын баланың сыңайы емес...

Айтпағым, бір бұл бала ғана емес, өлімнен кейінгі өмірге Алланың берген жарық дүниесінің үдесінен шықпай жатып, о дүниені насихаттап, дайындалатындар жоқ емес. Алла тағала жарық дүние сыйлаған пендесіне бірінші кезекте сол өмірді дұрыс сүр деген шығар. Адам өмірге келген соң заманына, уақыт талабына сәйкес мән мағыналы, ұзақ өмір сүруге ниеттенгені абзал. Оқу оқып, білім алып, еңбек етіп, отбасын құрып, перзент сүйуге. Ал енді жаңағыдай жастар не алған білім жоқ, белгілі мамандығы жоқ, тұрақты жұмысы жоқ, отбасын құрмаған... Өздерін көп нәрсе көріп, көп өмір сүріп қойғандай арғы дүниеге дайындалып жүр. Осы өмірдің есебі күнделікті. Күн өткен сайын, бір күнің кетеді. Саналы адам әр күніне мән бергені дұрыс. Ия ел арасында «О дүниеге барғанда өзі жауап береді....» деген сөз бар. Алайда бұл сөз адамдар бір біріне, жалпы адамзат тіршілікке қиянат жасамасын делінген ойдан алынған. Тірі адамдар жарық дүниені, тірі тіршілікті білеміз. Мұсылманның бес парызын назарда ұстаймыз. Алайда, әсіресе жастардың, жас өспірімдердің осы өмірдің рақатын көрмей жатып, осы өмірге адам ретінде өз үлесін қоспай жатып, арғы өмірді айта бергендері дұрыс емес деп ойлаймын. Адам күнделікті өзін қадағалап, ар әдебін сақтап, жаман тірліктерге, қиянатқа бармай, таза көңілмен, ақ ниетпен, кең пейілмен жарқын өмір сүрсе о дүниесінің де есебі өзінен өзі дайын бола береді деп санаймын.

Алланың берген жарық дүниесінің сәулесіне көлеңке түспесін. Тірі адамның тіршілігі өлгенге дейін. Осы жарық өмірді берген Жаратушы Алла. Арғы өмірдің де үлесін Аллаға салайық.

Өмірлеріңіз ұзақ, жарық, берекелі болсын ағайын.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Сүйінші!

Жаңа кітап

Қызылорда қаласындағы «Тұмар» баспасынан Зоя Бектаева апамыздың «Шыңдалып өскен жылдарым» деген кітабы жарық көрді. Кітап авторы ауданымызда көп жылдар қызмет еткен. Жаңа кітапта апамыздың тоқсан жылдық тағылымы мол жасында көрген, білген көңілге түйген естелігі жинақталған.

Жарық көрген кітапта Зоя апамыз басынан кешкендерін қаз-қалпында баяндап, көркем тілмен жеткізеді. Келтірілген оқиғалардан оқырмандар көптеген жайға қанығады, тоқсан жылдық өнегелі өмірдің соқпақтарынан үлгі алады, ғұмырлық тәжірибе жинақтайды.

Сондай-ақ, Зоя Бектаеваның замандастары, қызметтес жолдастары, бірге жүрген достары, шәкірттері сыр сандығын ашады. Бұл жерде кітап кейіпкерлірінің образы шынайы ашылған. Сонымен қатар, сол кезеңдердің суреттері әдемі сыр тізбегін көз алдыңызға келтіреді. Көпшілік қауымға арналған кітаптың тілі жеңіл, әрі шұрайлы. Кітапты оқыған сайын рухани байлығыңыз молая түседі. Кітапты құрастырған және әдеби өңдеген Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, бірнеше кітаптардың авторы, Созақ ауданының Құрметті азаматы, қазақтың белгілі жазушысы, жерлесіміз, журналист, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, қаламы жүйрік қаламгер Сабырбек Олжабай.

Жаңа кітаптың жарық көргенін сүйіншілеп, оқырмандарға ұсынып отырмыз.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Ұстаздар күніне арналды

Ұстаз–ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт- бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек!

Мемлекеттік мерекелер тізіміне сәйкес, осы уақытқа дейін республикада Мұғалімдер күні қазан айының бірінші жексенбісінде тойланып келді. Енді бұл мереке 5 қазанда әлемнің 100-ден астам елі атап өтетін Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендіріліп отыр.

Дүниежүзілік мұғалімдер күнін бекітуге 1966 жылы 5 қазанда Парижде өткен Мұғалімдердің мәртебесі туралы арнайы үкіметаралық конференция ұйытқы болды. Нәтижесінде ЮНЕСКО мен Халықаралық еңбек ұйымының өкілдері «Мұғалімдердің мәртебесіне қатысты ұсыныстар» құжатына қол қойды. Дүниежүзілік мұғалімдер күні алғаш рет 1994 жылы 5 қазанда атап өтілді.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы–деп ақын Ғ.Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық- ұлық емес, ұлы қызмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді… Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген.

Ұстаздар мерекесіне орай Абай ауылындағы Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектепте 5 қазан күні бірқатар іс шаралар аталып өтті. Атап айтар болсақ, мектеп оқушылары таңертең ерте мұғалімдерді мектеп алдынан күтіп алып, ұстаздарына алғыстарын жаудырып, мерекемен құттықтады. Таңды ерекше көңілкүймен бастаған ұстаздардың жүзі қуанышқа толы болды. Қолдарынан келгенше көрнекілік жасап, мектеп ішін әсемдеп, ұстаздарын ерекше құттықтаған оқушыларға мың алғыс. Бұл ұстаздарымыздың жақсы білім мен тәрбие бергенінің, оқушылар алдында беделінің биік екендігін ұқтырады. Осындай мерекелі күнді қорытындылаған 10 сынып оқушыларының тәрбие сағатын ерекше ықыласпен тамашаладық. «Ұстаз ұлы тұлға» деп аталған осы тәрбие сағатты ұйымдастырып, басы қасында жүрген 10 сынып жетекшісі Бостанова Кәмшаттың елеулі еңбегін айтпай кетуге болмас. Әдемі безендірілген сахна, күміс түсті ерекше стильдегі баннер, гүлдер мен түрлі түсті шарлар ұстаздардың көтеріңкі көңіл күйін одан сайын көкке көтерді. Тәрбие сағаты өте жоғары деңгейде өтті. Ұстаздар күніне орай ұлт ұстаздары Ахмет Байтұрсынов пен Ыбырай Алтынсарин образдарын жасаған оқушыларды көргенде сол кісілердің өзін көргендей әсерде болдық. Ары қарай мұғалімдерге жүрекжарды тілектерін түрлі тақпақпен, ән және бимен жеткізген оқушылар залда отырған ұстаздарын құттықтап қана қоймай, басқа оқушыларға да үлкен тәрбиелік мәні бар іс-шара өткізді. Осының бәрінің жүгін көтеріп, жан-тәнімен еңбегін аямаған сынып жетекшісі Бостанова Кәмшатқа алғыс білдірдік. Кеш соңында қонаққа келген ардагер ұстаздар сөз сөйледі.

Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Осындай жолы мен жөні бөлек аяулы ұстаздарымыз–шәкірттерінің мақтанышы ғана емес, бүкіл ел мақтанышы!

Қайрат ҚАЛИЕВ, А.Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Сенімгерлік басқарушы:
"Agro-sozak" ЖШС
Меншік иесі-
"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-
Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.
Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97
А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы - 3500 дана
Кезекші редактор:
М.Қарғабай